

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының және Ұлттық ұланның бөлімшелерін пилотсыз авиациялық жүйелермен жарақтандырудың заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2026 жылғы 30 маусымдағы № 457 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы 3) тармақшасына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның бөлімшелерін пилотсыз авиациялық жүйелермен жарақтандырудың заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Цифрландыру және жасанды интеллект департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

2) қол қойғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылықты үйлестіру департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр полиция генерал-лейтенанты

Е. Саденов

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2026 ж "30" маусымдағы

№ 457 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның бөлімшелерін пилотсыз авиациялық жүйелермен жарақтандырудың заттай нормалары

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Пайдалану мерзімі	Қолдану саласы	Таралу саласы

1.	Көп мақсатты мультикоптерлік типтегі әуеайлақтан тыс тұрған пилотсыз авиациялық жүйелер (пилотсыз әуе кемелері)	Жиынтық	2*	7	Қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау	ПО-ның жылжымалы байланыс торабына (ЖБТ)
						І І О патрульдік полициясының бір взводына
						ПО-ның әрбір жылжымалы байланыс торабына (МБК, шағын ЖБО)
						ПО жедел қызмет бөлімшелеріне
						І І О ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөлімшелеріне
						ПО арнайы күштер мен жедел басқару бөлімшелеріне
						ПО күзет қызметін бақылау бөлімшелеріне
						ПО есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесіне
						І І Экстремизмге қарсы іс-қимыл бөлімшелеріне
						І І О криминалдық полиция бөлімшесіне
			1*	7	Қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау	

						І І О жедел-кримин алистикалық бөлімшесіне
						ІІМ білім б е р у ұйымына
						І І О ақпараттық саясат бөлімшесіне
						Қ А Ж мекемелерін күзету, режим ж ә н е қадағалау бөлімшесіне
						ҰҰ арнайы мақсаттағы тобына
						ҰҰ әр артиллериялы қ зениттік дивизионына
						ҰҰ барлау бөлінісіне (тобына)
2.	Әуеайлақтан тыс тұрған көп мақсатты ұшақ типтегі пилотсыз авиациялық жүйелер (пилотсыз әуе кемелері)	Жиын тық	3	7	Қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау	ҰҰ ПАЖ (ПЖ, ПӘК) бөлімшесіне
			1	7	Қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау	ҰҰ арнайы мақсатындағы тобына
			2			ҰҰ әр артиллериялық зениттік дивизионына
3.	Оқу-жаттығу мақсатындағы пилотсыз авиациялық жүйелер (пилотсыз әуе кемелері)	Жиын тық	3	7	Оқу және жаттығу ұшулар кезінде	ҰҰ ПАЖ (ПЖ, ПӘК) бөлімшесіне
			5			ІІМ білім беру ұйымдары мен ҰҰ оқу бөлімшесіне
			2			ҰҰ арнайы мақсаттағы тобына

4.	FPV (First Person view) жүйесі бар пилотсыз авиациялық жүйелер	Жиынтық	1	7	Қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау және оқу орындарында оқыту	ҰҰ арнайы мақсаттағы тобына
			5			ІМ білім беру ұйымдары мен ҰҰ оқу бөлімшесіне
			1			ҰҰ БАЖ (БҚ, БӘК) бөлімшесіне
5.	ПАЖ оқу-жаттығу кешені (сынып, тренажер)	Жиынтық	1	7	Оқу процесін ұйымдастыру	ІМ білім беру ұйымдары мен ҰҰ оқу бөлімшесіне

Ескерту:

1-тармақ "Көп мақсатты мультикоптерлік типтегі әуеайлақтан тыс тұрған пилотсыз авиациялық жүйелер (пилотсыз әуе кемелері)– Жылжымалы байланыс торабына (ЖБЖШ) – 2 жинақ.

1-тармақ Көп мақсатты мультикоптерлік типтегі әуеайлақтан тыс тұрған пилотсыз авиациялық жүйелер (пилотсыз әуе кемелері) – Ішкі істер органдары, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және көліктегі полиция департаменттері 1 бірліктен; қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, ІМ Байқоңыр қаласындағы өкілдігі, ІМ білім беру ұйымдары, ҚАЖ мекемелерін күзету, режим және қадағалау бөлімшесіне – 1 жинақтан.

Қысқартулар:

ІМ – Ішкі істер министрлігі	МБЖ – Мобильді байланыс кешені;
ҰҰ – Ұлттық Ұлан;	Шағын-ЖБО – Шағын жедел басқару орталығы;
ІО – Ішкі істер органдары;	ПАЖ – Пилотсыз авиациялық жүйе;
ҚАЖ – Қылмыстық-атқару жүйесі;	ПӘК – Пилотсыз әуе кемесі
ЖБЖШ – Жедел басқарудың жылжымалы штабы;	ПЖ – Пилотсыз жүйе.